

Селекторлық кеңестің стенограммасы

2025 жылғы 26 қараша

Өскемен қ.

Төрайым: Аникина Н.П., сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы.

Хатшы: Яковенко Н.Ю., сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының комплаенс-бақылау жөніндегі маманы.

Қатысқандар:

Орталық аппараттан:

1. Тулькубаева Э.А., ұйымдастыру-кадрлық және әкімшілік-техникалық жұмыс басқармасы бастығының орынбасары-ұйымдастыру-кадр жұмыстары және қоғаммен байланыс бөлімінің бастығы.

Филиалдар бойынша:

1. Гейне М.В., Жоғарғы Ертіс филиалының директоры;
2. Козлова О.П., Жоғарғы Ертіс филиалы директорының қаржы жөніндегі орынбасары;
3. Таловский М.В., Жоғарғы Ертіс филиалы директорының флот жөніндегі орынбасары;
4. Губарева Е.М., «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары;
5. Гречкин А.В., Семей филиалының директоры;
6. Компанец А.В., Семей филиалы директорының жол жұмыстары жөніндегі орынбасары;
7. Зацепин Н.В., Семей филиалы директорының флот жөніндегі орынбасары;
8. Манашов М.Ж., Семей филиалы директорының даму және логистика жөніндегі орынбасарының м.а.;
9. Хан Л.Г., Іле-Балқаш филиалының директоры;
10. Байтанат Т.К., Іле-Балқаш филиалы директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;
11. Сагимбекова А.Б., Іле-Балқаш филиалының бас бухгалтері;
12. Чакаев М.Ж., Орал-Каспий филиалының бас экономисі;
13. Ложкин А.Е., Павлодар филиалы директорының өндіріс жөніндегі орынбасарының-жөндеу-механикалық қызметі бастығының міндетін атқарушы;
14. Балтабаев Х.К., Павлодар филиалы директорының материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары-материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы;
15. Евдокимов В.В., «Теңіз навигациялық орталығы» филиалының директоры;
16. Восканян А.А., «Теңіз навигациялық орталығы» филиал директорының орынбасарының м.а.;

17. Остриков А.А., «Кеме қатынасының тіркелімі» филиалы директорының м.а.;

18. Оразов Ж.Е., «Кеме қатынасының тіркелімі» филиалы директорының сыныптау және техникалық есепке алу жөніндегі орынбасары.

КҮН ТӘРТІБІ:

2024 жылғы есепті кезең «ҚСЖ» РМҚК ресми сайтында жариялануға жататын жеке тұлғалардың декларацияларында көрсетілген мәліметтер тізбесі».

ТЫҢДАЛДЫ: Кеңестің төрайымы Аникина Н.П., ол **Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 11-бабының 9-тармағына** сәйкес жариялануға жататын мәліметтердің тізбесі (2025 жылғы 7 ақпандағы № 26) бекітілгенін түсіндірді.

Осы Заңның 11-бабы 9-тармағының 5-тармақшасының негізінде жеке тұлғалардың декларацияларында көрсетілген мәліметтер, егер бұл адамдар мен олардың жұбайлары келесі лауазымдарды атқарса немесе белгілі бір функцияларды жүзеге асырса, жариялануға жатады:

- саяси немесе мемлекеттік лауазымдарды атқаратын;
- «А» корпусындағы мемлекеттік әкімшілік лауазымды атқаратын;
- Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары;
- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;
- Қазақстан Республикасының судьялары;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар.

Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы филиалдармен бірлесіп әрбір бөлім бойынша мәліметтерді толтыру мәселелерін егжей тегжейлі пысықтады. Алынған деректерді кейіннен өңдеу және жариялау үшін филиалдармен Орталық аппараттың ұйымдастыру-кадрлық және әкімшілік-техникалық жұмыс басқармасына мәліметтер тізбесін ұсыну мерзімдері айқындалды. Жұмыскерлер жариялау үшін мәліметтер ұсынбаған жағдайда, Орталық аппараттың ҰКЖӘТЖБ бас директорды хабардар етеді және осы адамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсіміне бастамашылық етеді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы:

1. Жариялануға жататын мәліметтер тізбесін толтыру бойынша үлгіні электрондық пошта арқылы жолдасын.

Филиал директорлары:

1. Басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар 270 жеке тұлғаның декларациясында көрсетілген мәліметтерді кейіннен өңдеу үшін ҰКжӨТЖБ уақтылы ұсынуды қамтамасыз етсін. Мерзімі-2025 жылғы 27 қарашаға дейін.

ҰКжӨТЖБ:

1. Ұсынылған деректердің сәйкессіздігі немесе толық еместігі анықталған жағдайда ҰКжӨТЖБ жедел түзетулер енгізу үшін ақпарат алған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде жауапты тұлғаларды хабардар етуге міндетті.

2. ҰКжӨТЖБ 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде кәсіпорынның ресми сайтында ұсынылған мәліметтерді жариялауға міндетті.

Төрайым:



Н. Аникина

Хаттаманы толтырған:



Н. Яковенко